

**Жаслан Рымгүл Қуатқызының**  
**6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша**  
**философия докторы PhD дәрежесін алуға ұсынылған**  
**«Темір-көміртекті негіздегі инновациялық технологияларды пайдалана**  
**отырып, металл өнімдерінің балқытылу технологиясын жетілдіру және**  
**сапасын арттыру» атты диссертациялық жұмысына**  
**ПІКІР**

Болаттың тазалығын арттыру металлург ғалымдары үшін барған сайын маңызды мақсатқа, сондай-ақ болат өндірушілер үшін маңызды міндетке айналууда. Механикалық қасиеттері жоғары болаттарға деген қажеттілік оны өндірушілерді соңғы өнімдерінің тазалығын арттыруға мәжбүр етеді. Болаттың жоғары тазалығына қол жеткізу үшін болатты тотықсыздандыру, легирлеу, болатты пештен тыс өңдеу және құю сияқты болат өндірісінің бүкіл процесінде технологиялық операциялардың барлық кешенін бақылау және жетілдіру қажет. Болат балқыту өндірісінде өндірілетін болаттың сапасын бақылау оның тазалығын металл емес қосындылар арқылы бағалаудың нақты әдістерін қажет етеді.

Металл сапасына қойылатын талаптарды арттыру қол жетімді технологиялар мен әдістерді қолдану арқылы металл емес қосындылардың санын және оның тазалығын азайту жолдарын іздеуді анықтайды.

Диссертациялық жұмыста оттекті конвертердегі балқытылған көміртекті жартылай өнімнің сапасын жақсартуға, металл мен қожды әртүрлі әдістермен бөлуге байланысты бірқатар техникалық мәселелердің шешімдерін ұсынылады. Өзірленген технологиялық шешімдер, олардың жаңалығы өнертабысқа патенттермен қорғалған.

Статистикалық-квалиметриялық талдауды пайдалана отырып, алғаш рет ұсынылған бөлу құрылғыларын пайдаланудан болаттағы металл емес қосындылар санының азаюын сипаттайтын, сондай-ақ оларды қолданудың экономикалық тиімділігі дәлелденген жоғары детерминация коэффициенті бар статистикалық математикалық модель алынды. Бұл таңдалған зерттеу бағытын терең теориялық зерттеуді көрсетеді.

Диссертациялық жұмыстың нәтижелері Қазақстан Республикасының жетекші ғылыми басылымдарында кеңінен жарияланды, автор 5 мақала жариялады, оның ішінде Scopus ғылымометриялық дерекқорына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар басылымда 1 мақала, ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда 3 мақала, 1 мақала халықаралық конференциялардың ғылыми еңбектер жинағында. Сонымен қатар, жұмыстың ғылыми және практикалық құндылығы Қазақстан Республикасының 3 патентімен және 2 Еуразиялық патентпен расталды.


Докторантурада оқып жүрген кезінде Жаслан Р.К. өзін адал, еңбекқор және ынталы ғылыми қызметкер ретінде көрсетті. Оқу үдерісіндегі жоғары жетістіктерден басқа, университеттің ғылыми қызметіне үнемі белсенді қатысады. Түрлі халықаралық және республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияларға қатысып, грамотамен және ҚР Білім және ғылым министрінің алғыс хатымен марапатталған.

Жалпы диссертациялық жұмыста Жаслан Р. Қ. жүргізілген зерттеулердің ішкі бірлігі, теориялық және эксперименттік зерттеулердің дәйектілігі және шығарылатын болаттың сапасын жақсарту бойынша зерттеулердің нәтижесімен шешілетін міндеттер бар.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, «Темір-көміртекті негіздегі инновациялық технологияларды пайдалана отырып, металл өнімдерінің балқытылу технологиясын жетілдіру және сапасын арттыру» диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген ғылыми дәрежелерді беру туралы Ережеге сәйкес келеді, ал оның авторы – Жаслан Рымгүл Қуатқызы – «6D070900 – Metallургия» мамандығы бойынша PhD философия докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ғылыми кеңесші:**

**техника ғылымдарының докторы,  
«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ  
ұлттық техникалық зерттеу  
университеті» КеАҚ-ның профессоры**



**Жаутиков  
Бахыт Ахатович**